

Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау схемалары мен тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 22 шілдедегі № 205/7 қаулысы. Павлодар облысының Эдilet департаментінде 2015 жылғы 06 тамызда № 4647 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 26 маусымдағы № 153/1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты ауданы әкімдігінің 26.06.2024 № 153/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Занының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі " Автомобиль көлігі туралы" Занының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес Шарбақты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Мыналар:

1-8 қосымшаларға сәйкес Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау схемалары;

9-қосымшаға сәйкес Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау тәртібі бекітілсін.

.Осы қаулының орындалуын бақылау Шарбақты ауданы әкімінің қадағалайтын орынбасарына жүктелсін.

Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Ыбыраев


Шарбақты ауданы әкімдігінің

2015 жылғы 22 шілдедегі

№ 205/7 қаулысына

1-қосымша

**Садық-Апши, Бозалаң, Новый - Завод, Сүгір бөлімшелерінде тұратын балаларды
Шалдай жалпы орта білім беру мектебіне тасымалдау сызбасы**




Шартты белгілер:

-  - Шалдай жалпы орта білім беру мектебі
-  - автобус маршруты
-  - бөлімшесі
-  - Шарбакты - Шалдай автотрассасы

L - Шалдай жалпы орта білім беру мектебінен бөлімшелерге дейінгі арақашықтық

Шарбакты ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 22 шілдедегі
№ 205/7 қаулысына
2-қосымша


Марьяновка және Татьяновка бөлімшелерінде тұратын балаларды Қарабидай жалпы негізгі білім беру мектебіне, Малиновка жалпы орта білім беру мектебіне және Галкин жалпы орта білім беру мектебіне тасымалдау сыйбасы



Шартты белгілер:



– Галкин, Малиновка жалпы орта білім беру мектептері және Қарабидай жалпы негізгі білім беру мектебі



– автобус маршруты




– бөлімше



– Шарбақты – Шалдай автомобиль жолы

L - Галкин, Малиновка жалпы орта білім беру мектептері мен Қарабидай жалпы негізгі білім беру мектебінен бөлімшелерге дейінгі арақашықтық

Құлат, Ботабас бөлімшелерінде тұратын балаларды Галкин және Арбиген жалпы орта білім беру мектептеріне тасымалдау сыйбасы




Шартты белгілер:

- Галкин және Арбиген жалпы орта білім беру мектептері
- автобус маршруты
- бөлімше
- Шарбакты – Шалдай автомобиль жолы
- L – Галкин және Арбиген жалпы орта білім беру мектептерінен бөлімшелерге дейінгі арақашықтық

Шарбакты ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 22 шілдедегі
№ 205/7 қаулысына
4-қосымша

Бөріктал бөлімшесінде тұратын балаларды Алексеевка жалпы орта білім беру мектебіне, Каховка бөлімшесінде тұратын балаларды Назаровка жалпы негізгі білім беру мектебіне тасымалдау сыйбасы




Шартты белгілер:



– Алексеевка жалпы білім беру мектебі және Назаровка жалпы негізгі

білім беру мектебі



– автобус маршруты



– бөлімшесі

L – Алексеевка жалпы білім беру мектебі мен Назаровка жалпы негізгі білім беру мектебінен бөлімшелерге дейінгі арақашықтық

Шарбакты ауданы әкімдігінің

2015 жылғы 22 шілдедегі


№ 205/7 қаулысына

5-қосымша

Софиевка бөлімшесінде тұратын балаларды Зaborовка жалпы негізгі білім беру мектебіне және Сосновка жалпы орта білім беру мектебіне тасымалдау сыйбасы

Софиевка бөлімшесі
L = 5 километр (Заборовка ЖНББМ дейін)
L = 16 километр (Сосновка ЖОББМ дейін)

Заборовка ЖНББМ




Шартты белгілер:



– Сосновка жалпы орта білім беру мектебі және Заборовка жалпы

негізгі білім беру мектебі



– автобус маршруты




– бөлімше



– Чернорецк - Ольгино - Успенка – Шарбакты автомобиль жолы

L – Сосновка жалпы білім беру мектебінен және Заборовка жалпы негізгі білім беру мектебінен бөлімшеге дейінгі арақашықтық

Көл-Бұлақ бөлімшесінде тұратын балаларды Хмельницкий жалпы орта білім беру мектебіне тасымалдау сыйбасы




Шартты белгілер:

- Хмельницкий жалпы орта білім беру мектебі
- автобус маршруты
- темір жол
- темір жол өткелі
- Павлодар - Шарбакты - Құлынды автомобиль жолы
- бөлімше

L – Хмельницкий жалпы орта білім беру мектебінен белімшеге дейінгі арақашықтық

Аникино бөлімшесінде тұратын балаларды Хмельницкий жалпы орта білім беру мектебіне тасымалдау сыйбасы




Шартты белгілер:

- Богодаровка негізгі жалпы білім беру мектебі
- автобус маршруты
- Шарбақты – Северное автотрассасы
- бөлімшесі

L – Богодаровка жалпы орта білім беру мектебінен бөлімшеге дейінгі арақашықтық

Қосқұдық бөлімшесінде тұратын балаларды А. Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебіне тасымалдау сыйбасы



Шартты белгілер:


-  – А. Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі
-  – автобус маршруты
-  – темір жол
-  – темір жол өткелі
-  – Павлодар – Құлышты автомобиль жолы
-  – бөлімшесі
-  – Чернорецк - Ольгино - Успенка – Шарбакты автомобиль жолы

L – А. Құнанбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебінен белімшеге дейінгі арақашықтық.

Шарбакты ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "22" шілдедегі
№ 205/7 қаулысына
8-1-қосымша

Николаевка бөлімшесінде тұратын балаларды Алексеевка орта білім беретін мектебіне тасымалдау сызбасы

Ескерту. Қаулы 8-1-қосымшамен толықтырылды - Павлодар облысы
Шарбакты аудандық әкімдігінің 28.10.2015 N 321/10 (алғаш жарияланған күнінен
бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Шартты белгілер:

- Алексеевка жалпы орта білім беретін мектеп
- автобус маршруты
- теміржол
- теміржол өткелі
- Павлодар-Шарбақты-Кұлышынды автотрассасы
- бөлімше
- Галкино-Жаңа-ауыл-Алексеевка автотрассасы
- L - Алексеевка орта білім беретін мектептен бөлімшеге дейінгі арақашықтық.

Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау тәртібі

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 28.10.2015 N 321/10 (алғаш жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдаудың осы тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" № 1196 қаулысына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 26 наурыздағы "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" № 349 бұйрығына сәйкес әзірленген және Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау тәртібін айқындайды.

2. Автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

2. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары автомобиль көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілетін Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесімен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

3. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, гигиеналық нормативтерге және (немесе) техникалық регламенттерге сәйкестігін (сәйкес еместігін) куәландыратын құжатының болуы, сондай-ақ мыналармен:

- 1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұйрыш айыратын белгімен;
- 2) сары түсті жылтыр шағын маягымен;
- 3) әрқайсының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын ерт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы - автобустың жолаушылар салонында);

4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7) колоннада жол жүргенде - автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен жабдықталуы тиіс.

Балаларды тасымалдауға пайдаланылатын автобустарда мыналар болуы тиіс:

1) ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс тұрған шығыңқы жерлер болмауы тиіс;

2) жабық жай-күйде жүргізушінің кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашиның түсін толық болдырмайтын төбе, авариялық люктер және терезелер;

3) берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;

4) жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстары;

5) тегіс, шығыңқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жок баспалдақтары мен салонның едені.

Салон еденінің жамылғысы жыртықсыз материалдан жасалуы тиіс;

6) шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары;

7) жылдың сүйк мезгілінде жылтырылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал-сайман және қосалқы бөлшектер тиелмеген жолаушылар салоны.

Автобустардың салондарын ылғалды жинау ауысымда кемінде бір рет және ластануына байланысты жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.

Сыртқы кузовты жуу ауысымнан кейін өткізіледі.

3. Балаларды тасымалдау тәртібі

Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

Балалардың топтарын көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар), сондай-ақ 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдауға жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда

тасымалдаушы рейті алған тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

Тәуліктің жарық мезгілінде балаларды автобуспен тасымалдау фаралардың жақын қосылған жарығымен жүзеге асырылады.

Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

Автобусты күтіп тұрган балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтында жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Аландарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде аландар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты тұрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуши кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетіледі. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы білім беру ұйымдарын хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші емес балалар рұқсат етіледі.

Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және оларды ауыстыратын адамдармен жеке алған жүргізу кезінде ғана жол жүргуге рұқсат етілуі мүмкін.

Автобустарда жол жүргуге мынадай балаларға және ересек еріп жүрушілерге рұқсат етілмейді:

- 1) қауіпсіздік шараларын бұзуға әкеп соғатын, толқыған жай-күйінде;
- 2) алкоголь, есірткі, психотропты және улағыш заттардың әсері болғанда.

Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушилерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуши күелігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс етілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" № 1196 қаулысымен бекітілген жол қозғалысының Ережесін өрескел бұзбаған.

Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне рұқсат етілмейді:

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе мүкеммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

4. Қорытынды ережелер

Шарбақты ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білімі беру мектептеріне тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттелінеді.